

Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 18/87-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қазанда № 4227 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 2/16-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 12.05.2023 № 2/16-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Отырар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Отырар ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың*

С.Кішібай

Отырар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 29.08.2019 № 45/213-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	0,65
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,39
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,27
6	Емханалар	1 келіп кету	0,28
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,0026
13	Спорт, би және ойынзалдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,0026

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	1,23
15	Машиналардан сату	сауда орнының м ²	-
16	Алынып тасталды - Түркістан облысы Отырар аудандық мәслихатының 29.08.2019 № 45/213-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).		
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,974
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,27
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,91
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	1,0
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	-
29	Зергерлік, аяккімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,06
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,42
32	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар	1000 қатысушы	-

	ұйымдастыратын заңды ұйымдар		
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

Отырар аудандық мәслихатының
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 18/87-VI шешіміне 2 қосымша

Отырар ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

№	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1.	Жайлы емес үйлер	1 адам	106
1.2.	Жайлы үйлер	1 адам	95
1.3.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1316,9
2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері		
2.1.	Жеке тұлғалар	1 текше метр	200
2.2.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	600
3.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтері	-	-